

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында "KAZSAT" байланыс және хабар таратудың қазақстандық спутнигін жасау жөніндегі ынтымақтастық туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 желтоқсандағы N 1351 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "KAZSAT" байланыс және хабар таратудың қазақстандық спутнигін жасау жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мәқұлдансын.

2. Оның мәтініне қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер енгізуге рұқсат береді, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында "KAZSAT" байланыс және хабар таратудың қазақстандық спутнигін жасау жөніндегі ынтымақтастық туралы келісім жасалсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі
ЖОБА

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "KAZSAT"
байланыс және хабар таратудың қазақстандық
спутнигін жасау жөніндегі ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ**

Ескерту. Келісім жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 2005.01.20. N 20 қаулысымен.

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының

Үкіметі,

1994 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағын пайдаланудың негізгі қағидаттары мен шарттары туралы келісімді, 2004 жылғы 9 қантардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" кешенін тиімді пайдалану жөніндегі ынтымақтастықты дамыту туралы келісімді және 1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалдау шартын назарға ала отырып,

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ғарыш кеңістігін

игеру және пайдалану саласында өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту мүдделерін
н е г і з г е а л а о т ы р ы п ,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаты Тараптардың геостационарлық орбитада "KAZSAT" байланыс және хабар таратудың қазақстандық спутнигін жасау жөніндегі ынтымақтастығын жүзеге асыруға арналған негізгі қағидаттар мен шарттарды айқындау және оның базасында ғарыштық байланыс пен хабар таратудың қазақстандық жүйесін жасау болып табылады.

2-бап

Осы Келісімді орындау үшін ынтымақтастық халықаралық құқықтың жалпы танылған нормалары мен қағидаттары сақтала отырып және Тараптардың өз мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа Келісімдер бойынша міндеттемелерді орындауына залал келтірілместен Тараптар мемлекеттерінің осы Келісімге қайшы келмейтін заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3-бап

Осы Келісім бойынша уәкілетті органдар:

Қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;

Ресей Тарапынан - Федералдық ғарыш агенттігі мен Ресей Федерациясы Ақпараттық технологиялар және байланыс министрлігі болып табылады.

Осы Келісімнің мақсаты үшін "ынтымақтас ұйымдар" термині осы Келісімнің шеңберінде нақты жұмыстарды (қызметтерді) орындатын (көрсететін) ұйымдарды білдіреді.

Қазақстандық "KAZSAT" спутнигін әзірлеу, дайындау, геостационарлық орбитаға ұшыру және кейіннен пайдалану жөніндегі міндеттемелерді орындаумен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында жерусті басқару кешенін және байланыс мониторингі жүйесін жасаумен байланысты нақты жұмыстарды (қызметтерді) орындау (көрсету) жөніндегі ынтымақтас ұйымдар:

Қазақстан Тарапынан - "Гарыштық байланыс және радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі республикалық орталығы" акционерлік қоғамы, "Казсат" акционерлік қоғамы Ресей Тарапынан - "М.В. Хруничев атындағы Мемлекеттік ғарыш ғылыми-өндірістік орталығы" Федералдық мемлекеттік біртұтас кәсіпорны, "Гарыштық байланыс" Федералды мемлекеттік біртұтас кәсіпорны болып табылады.

Тараптар өздерінің уәкілетті органдары мен ынтымақтас ұйымдары өзгерген жағдайда дипломатиялық арналар бойынша бір-бірін жедел хабардар етеді.

4-бап

"KAZSAT" спутнигі геостационарлық орбитаға шығарылады және Тараптардың байланыс әкімшіліктерінің арасындағы орбиталық-жиіліктік ресурсты халықаралық үйлестіру мәселелерін айқындайтын жеке келісім бойынша "KAZSAT" спутнигі үшін қажетті жиіліктік-поляризациялық жоспармен Тараптардың келісімі бойынша айқындалатын геостационарлық орбитада уақытша берілген үйлестірілген ресейлік орбиталық позицияда орналастырылады.

5-бап

Ынтымақтас ұйымдар спутниктің, жерусті басқару кешені мен "KAZSAT" байланыс және хабар тарату ғарыштық жүйесі байланыс мониторингі жүйесінің, орбиталық-жиіліктік ресурсының келісілген талаптары мен сипаттамаларын, "KAZSAT" спутнигі мен жерусті басқару кешені объектілерін және байланыс мониторингі жүйелерін пайдалануға тапсыру-қабылданап алу, қазақстандық персоналды даярлау мен оқыту шарттарын айқындайды және оларды келісім-шарт шеңберінде іске асырады.

6-бап

Осы Келісімнің шеңберінде жүргізілетін ұйымдастырушылық, қаржылық, құқықтық және техникалық сипаттағы жұмыстар жөніндегі қағидаттар, нормалар және рәсімдер жекелеген келісім-шарттардың (шарттардың) нысанасы болып табылады.

Тараптар ынтымақтас ұйымдар жасасқан жекелеген келісім-шарттардан (шарттардан) туындаитын міндеттемелер бойынша жауаптылықта болмайды.

7-бап

Казақстан Тарабы осы Келісімнің шеңберінде:
қажетті көлемдегі жұмыстар мен қызметтерді қаржыландыруды;

Казақстан Республикасының аумағында "KAZSAT" спутнигін жерусті басқару кешені мен байланыс мониторингі жүйесін орналастыру және пайдалану үшін қажетті жерусті инфрақұрылым объектілерін құруды қамтамасыз етеді.

8-бап

Казақстандық спутниктік жүйе бойынша Халықаралық электр байланысы одағындағы үйлестіру іс-шаралары рәсімін ескере отырып, "KAZSAT" спутнигін

ұшыру сәтінде геостационарлық орбитадағы уақытша бос орбиталық-жиіліктік ресурсқа иелік ететін Ресей Тарабы Қазақстан Тарабына уақытша негізде (спутниктің орбитада белсенді түрде болу мерзіміне, бірақ 15 жылдан көп емес) Тараптардың келісімі бойынша, сондай-ақ қолданыстағы халықаралық үйлестіру келісімдерін ескере отырып, "KAZSAT" спутнигі үшін қажетті жиіліктік-поляризациялық жоспармен үйлестірілген орбиталық-жиіліктік ресурсты береді.

Тараптар радиожиіліктік спектрді бөлу мәселелері бойынша ақпаратпен алмасуды жүзеге асырады және жиіліктердің бөлінуін бірлесіп қорғау мәселелерін қоса алғанда, Халықаралық электр байланысы одағында орбиталық-жиіліктік берулерді үйлестіру мәселелерінде бір-біріне жәрдемдеседі.

9-бап

Тараптар 1975 жылғы 14 қаңтардағы Ғарыш кеңістігіне ұшыратын объектілерді тіркеу туралы конвенцияға сәйкес "KAZSAT" спутнигін геостационарлық орбитадағы ғарыштық объект ретінде тіркеуді бірлесіп қамтамасыз етеді.

10-бап

Қазақстан Республикасының кедендік аумағына, соның ішінде қазақстандық "KAZSAT" спутнигін, жерусті басқару кешені мен байланыс мониторингі жүйесін жасау мен оны орбитаға жеткізу жобасын іске асыру мақсаты үшін үшінші елдерден әкелінетін қосалқы жабдықты, бағдарламалық қамтамасыз етуді (бұдан әрі - Жабдық) қоса алғанда, жабдық және оның жиынтықтары Қазақстан Республикасының аумағында кедендік төлемдер алудан, салықтар мен өзге де алымдардан толық босатылады дәп келісті.

Жабдықты кедендік ресімдеу Қазақстан Тарабы мемлекеттік органдарының лицензиялары мен басқа да рұқсаттары ұсынылмастан, тек Қазақстан Тарабының уәкілетті органы беретін, осы Келісімнің мақсатында Жабдықтың пайдаланылатынын растайтын құжат болған кезде жүзеге асырылады.

11-бап

Тараптар осы Келісім бойынша ынтымақтастық барысында пайдаланылатын зияткерлік меншікті қорғауды Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына, сондай-ақ қатысушысы бір уақытта Тараптардың мемлекеттері болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес қамтамасыз етеді.

Осы Келісім шенберіндегі ынтымақтастық ынтымақтас үйымдар мен Тараптардың олар осы Келісім шенберінде немесе одан тыс бірлескен қызмет басталғанға дейін алған зияткерлік меншік құқықтарын қозғамайды.

12-бап

Тараптар, уәкілетті органдар және ынтымақтас ұйымдар Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында және осы Келісімде белгіленген тәртіппен жасырын ақпарат алмасуды жүзеге асырады.

Жасырын ақпаратты Тараптар, уәкілетті органдар және ынтымақтас ұйымдар көрсетілген ақпараттың жеткізгішине "Жасырын" деген белгі қою жолымен таңбалайды. Мұндай таңбалау үшін жауапкершілік ақпараты осындай жасырындылықты талап ететін Тарапқа, уәкілетті органға немесе ынтымақтас ұйымға жүктеледі.

Құпия ақпаратты беру және қорғау беруші Тарап мемлекетінің заңнамасында және 2004 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Құпия ақпаратты өзара қорғау туралы келісімде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Әрбір Тарап, оның уәкілетті органы немесе ынтымақтас ұйым екінші Тараптан, оның уәкілетті органынан немесе ынтымақтас ұйымнан алған құпия және/немесе жасырын ақпаратты өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес қорғайды.

Осы Келісім шенберінде орындалған бірлескен әзірлемелер туралы кез келген ақпарат оның қатысуышы болып табылмайтын үшінші тараптарға тек Тараптардың жазбаша түрде ресімделген келісімі бойынша берілуі мүмкін.

13-бап

Тараптар және олардың уәкілетті органдары бір-бірімен өздерінің іс-қимылын күні бұрын үйлестіре отырып, осы Келісім бойынша қызмет туралы жүртшылықты хабардар етуі мүмкін.

14-бап

Тараптардың немесе олардың уәкілетті органдарының арасында осы Келісімді түсіндіруге және/немесе жүзеге асыруға байланысты даулар туындаған жағдайда Тараптар немесе олардың уәкілетті органдары достық реттеуге қол жеткізу үшін дипломатиялық арналар арқылы бірінші кезекте консультациялар немесе келіссөздер жүргізді.

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген рәсімдерге сәйкес реттелмеген даулар реттеудің басқа әдістеріне қатысты келісім болмаған кезде Тараптардың біреуі екінші Тарапқа реттеу туралы жазбаша сұрау жібергеннен кейін 6 ай ішінде Тараптардың кез келгенінің өтініші бойынша ЮНСИТРАЛ ережелеріне сәйкес құрылатын Төрелік соттың талқылауына жіберілуі мүмкін.

15-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады және оның күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім Тараптар өздеріне алған міндеттемелерді толық орындағанға дейін
к о л д а н ы л а д ы .

Кез келген Тарап екінші Тарапқа осы Келісімнің қолданылуын тоқтату болжамдалған күнге дейін кемінде 6 алты ай бұрын оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама жіберу жолымен оны тоқтата алады.

Осы Келісімнің қолданылуын тоқтату оның қолданылуы тоқтатылғанға дейін занды тұлғалардың осы Келісімнің орындалуына байланысты туындаған құқықтарын немесе міндеттемелерін қайта қарау үшін құқықтық негіз бола алмайды.

Осы Келісімге Тараптар арасында жеке хаттамалар жасасу жолымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Аталған хаттамалар олардың күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдердің орындалғаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған

Осы Келісім 2005 жылғы "___" _____ қаласында қазақ және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды әрі екі мәтіннің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күкүйктық ақпарат институты» ШЖҚ РМК